


Досым ОМАРОВ



Досым ОМАРОВ

ШӘКӘРІМ ШЫҢЫ

(ұлы ойын көтерілген рухани деңгей)

Дүнистанным

*Алматы
2008*

**ББК 83.3 Каз
О 58**

**Ұлы ойшыл ақын Шәкәрім Қудайбердіұлының
150 жылдық мерейтойына арналады**

П і к і р ж а з ф а н:

философия ғылымдарының кандидаты Асан Қайырбек

Омаров Д.

О 58 Шәкәрім шыңы: Ұлы ойшыл көтерілген рухани деңгей.— Алматы.— 2008.— 208 бет.

ISBN 978-601-217-033-7

Бұл кітапта Шәкәрімнің өмірі мен оның жан ерекшелері, артына қалдырыған рухани мұрасы саралана отырып, ұлы ойшылдың рухани жетілуінің занғар биігі көрсетіледі. Ойшыл ақынның сыр сөздері арқылы адам өмірінің көтерілу шыңы, сана-сезімді жетілдіріп, бақытты өмір жолымен болмыстың түпкі мақсатына жету тәсілі беріледі. Кітап оку орындарында өзін-өзі тану, дүниетаным пәндеріне қолдану үшін мектеп оқушыларына, студенттерге және руханиятқа үмтүлған көпшілік қауымға арналады.

ББК 83.3 Каз

ISBN 978-601-217-033-7

© Омаров Д., 2008

АЛҒЫ СӨЗ

Шәкәрім – қазақтың кең байтак даласынан шығып болмыстың терең сырларын айқара ашып түсіндірген философ; табиғаттың ғажайып құпияларын көркем сөзбен жеткізе білген ақын; нәзік музыкамен адам көкірегін аша білген композитор; шыққан халқының адамзат қоғамындағы алған орнын анықтаған тарихшы. Бірақ бұлардың барлығы да Шәкәрімнің негізгі жетістіктері емес. Себебі, бұлар фәни әлемдік, заттық әлемге арналған. Оның негізгі жетістігі – баки әлемдік, мәңгілік рухани әлем дүниесі.

Ортағасырларда қазақ даласынан әл-Фараби, Ахмет Яссави тәрізді көптеген ұлы тұлғалардың шыққаны белгілі. Ал сол заманнан бергі кездегі шыққан ірі философтардың бірі Шәкәрім десек қателеспейміз. Шәкәрім үздік ақын ғана емес, сонымен бірге, қазіргі дәуірдегі қазақтың алғашқы философы деген ой да айтылып жүр.

Шәкәрім адамның даму шынын көрсетіп берді. Ол шынды көрсетіп қана қойған жок, сонымен бірге, оған өзі көтеріліп, оның қандай екенін айтып, сыр сөздерімен жазып кетті. Бұл шың – әркімнің алдында тұрған тұпкі мақсаты, фәни әлем түнегіндегі адастырмас шамшырағы. Осылай ұлы ойшыл ақын болмыстың мәңгілікті жолын көрсетіп, ол жолмен өзі де жүріп өтіп, басқаларға үлгі берді. Бұл жол – данышшандық жол еді. Мұндай деңгейге әулиелік қасиеті бар адамдар ғана көтеріле алады. Шәкәрімнің шығармашылық дүниесіне көз жіберіп, терең сырлы ойларын жүрек арқылы өткізе отырып саралап, олардың мән-мағынасына үңілетін болсак, бұған көзіміз жеткендей болады.

Бұл жоғары деңгейге көтерілу өмірде өте сирек кездесетіні белгілі. Шәкәрім өзінің туа біткен ерекшеліктерінің және

❖ Досым ОМАРОВ ❖

ұздіксіз талпынысының арқасында ол осы шыңға көтеріле білді. Бұл үшін ол қажымас қайрат, қайтпас талаппен өз дәуіріндегі білім көздерін тереңін актарып, ақиқатқа жетуге үмтүлды. Осылай сана-сезімін дамытып, өсіре білді.

Рухани жетілуге үмтүлған адамды Шәкәрім мұрасы мәңгілікке, өмірдің шексіз жоғары деңгейіне бағыттай алады. Оның шығармасына дұрыс сынмен қарап, берген тұжырымдарын ой елегінен өткізе отырып, адал жүрегімен қабылдаған, өмірде пайдалана білген адам ұлғы ойшыл ақынның занғар биік ірі тұлғасын да толық түйсінеді.

Бұл кітапта сол мақсатпен Шәкәрімнің өміріне қысқаша тоқтала отырып, оның жас шағынан бастап, қарапайым адам емес, ерекше жан иесі болғаны көрсетіледі. Адамның жетілу барысында оның жан ерекшеліктері үлкен орын алады. Автор сана-сезімнің табиғатына кенінен тоқталыш, оның түрлі деңгейлерін қарастырып, адамның рухани жетілуіне жол ашады.

Откен тоталитарлық біржақты саясат дәуірінде Шәкәрім тәрізді өресі зор ойшылдар жөнсіз сынға алынып, олардың берген ілімі жоққа шығарылды, өздері ұмытылып, көпшілік қауымның назарынан тыс қалды. Енді Шәкәрімге тағылған орынсыз кінә-жалалар қайта қаралыш, акталған дәуір келді. Бірақ, өзірше ойшыл ақынның қалдырган терен сырлы рухани мұрасы көпшілік назарында өзіндік бағасын алды деп айтуда әлі ерте. Шәкәрімнің 150 жылдық мерейтойы қарсаңында және оны тойлау барысында осы олқылықты толтырып, ойшыл ақынның асыл сөздерінің сырын ашып, бойға сіңіруге, оларды өмірде қолдануға жол салуға ат салысу өрбір азаматтың міндеті болса керек.

Осындай мақсатпен жазылған бұл кітаптың көкірек көзі ашиқ, болмыс сырларын түсінемін деп үмтүлған адамға пайдасы зор екеніне күмәнім жок.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық Фылым академиясының академигі
Р.А. Оразалиев*

БІРІНШІ БОЛЫМ

ШӘКӘРІМНІҢ ӨМІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ

*Иесіз өзім кестім кіндігімді,
Зорға аштым тар үнгірде тұндігімді.
Сүрген өмір жайымды түгел үқсан,
Сонда анық білерсің кімдігімді.*

Шәкәрім

1. Адам өмірінің үш бастауы

Адам тағдыры оның бұл дүниеге келгендері үш жағдаймен тығыз байланысты. Мұны адам өмірінің үш бастауы деуге болады. Яғни, адамның болашакта көретін қуаныш-қайғысы, жасайтын жақсы-жаман қылыштары мен істері, ой-өрісінің қалыптасуы, тіпті бүкіл өмірінің бақыты осы үш бастаудың сапасына, іске асу деңгейіне және олардың өзара үйлесімділігіне байланысты. Халық дәстүрінде бұл бастаулар жақсы ескеріліп, олардың үйлесімділігі келешек үрпақ тағдыры үшін қатаң қадағаланып отырған. Бұл бастаулардың біріншісі – ата-анасының қасиеттері, яғни генасы; екіншісі – өскен ортасы, яғни алған тәрбиесі; үшіншісі – адамның жан дүниесінің ерекшеліктері.

Адам болмысының дұрыс қалыптасуына керекті бұл үш бастау кімнің болса да келешек тағдырын құрап, оның келешектегі көретін қайғы-қасиеттіне, барлық ләzzат-қуанышына себепкер болады. Адам тағдырын құрайтын бұл негізгі үш шарт бір-бірінен бөлек, бір-бірімен байланыспайды, өзара тәуелсіз, соңдықтан біреуінің өлсіздігін екіншісі толықтыра алмайды. Бұл табиғи занзылық және барлық жан иелеріне ортақ. Мысалы, өсімдік дүниесін алғын болсак, өсімдіктің дұрыс өсуі оның ұрығының жоғары сапалы, топырактың құнарлы және оның күтімінің жақсы болуына байланысты

❖ Досым ОМАРОВ ❖

екені белгілі. Егер құнарсыз топырақ болса, оған қандай жоғары сапалы үрық егілсе де өнімі тәмен болады. Ал қандай құнарлы топырақ болып, оған қандай жоғары сапалы дән себілсе де егер кезінде суару, не болмаса топырағын қосыту тәрізді түрлі агротехникалық күтімдер болмаса, дұрыс өнім болмайтыны белгілі. Тіпті егілген түкім өнім бермей, өліп қалуы да мүмкін. Соңдықтан генетика ғылымы дұрыс өнім алу үшін үрықтың сапасын жақсартумен, агрономия ғылымы жерді өндеу, құнарлылығын арттырумен және өсімдікті дұрыс бағып-қағумен шұғылданады ғой.

Ендеше осы заңдылықты адам тәрбиесінде неге ұмытуымыз керек? Осыны ескермесек, мысалы, баланың туған ата-анасы жақсы болып, оның жан дүниесі басқалардан ерекшелендіп тұрса да, егер келешектегі ескен ортасы, алған тәрбиесі дұрыс болмаса, ол баланың өсе келе өзінің ерекше қасиеттерін жоғалтып, басқа қарапайым пәндерден айырмашылығы болмай, солардың бірі болып кетуі әбден мүмкін. Мұны бала тәрбиесімен шұғылданатын адамдар жақсы біледі.

Мектепте, бала бакшаларында тәрбие жұмысымен айналысатын педагогтардың айтуларына қарағанда қазіргі күндерде осылай ез қатарынан артып туған балалар баршылық. Қазіргі кезде ондай балаларды “Индиго” деп атап жүр. Олар ете талантты және талапты, барлық жағдайларда өздерін еркін сезінеді, қандай істі болса да тез үйреніп, игеріп кетеді.

Ерекше туған Индиго балаларды кезінде көре біліп, олардың ерекшеліктерін дұрыс түсініп, басқалардан белек тәрбие беру керек. Егер оларды көшілікten бірге тәрбиелесе, онда олар өздерінің ерекше қасиеттерін жетілдіре алмай, тіпті олардан айырмалы қалып, басқа қарапайым балалармен бірдей болып кетуі мүмкін. Ал бұл балалар өздерінің зор қасиеттерін осіріп, келешекте ата-анасының мактандышы, халқының сүйенер тірегі, адамзаттың жарық жұлдызы, кеменгер ойшылы, ірі ғалымы, не болмаса өнер қайраткері болуы мүмкін. Үлгі алатын, алға сүйрейтін жарық жұлдыздай жол корсетептін ондай адамдар болмаса халық қарапайым тобырга айналып, артынан іріп-шіріп, кері кетіп, ежін-өзі жоғалтып алуы да ғажап емес. Алға сүйрейтін зиялды қауымынан айрылымп, акыры тарих сахнасынан жоғалған жаһықтардың тағдыры буган жақсы мысал болады.

Шәкәрім шыны

Кейбір елдерде Индиго балаларға ерекше көніл бөлініп, жағдай жасалады. Мысалы, Қытайда олар көшілік назарынан тыс арнайы мектептерде оқиды. Олар елдің келешек басшылары, елдің стратегиялық ісін атқаратын іскерлері мен барлаушылары. Израилда мұндай балалармен білім министрлігі арнайы құпия жоспар бойынша шұғылданады. Францияда оларды басқа шет елдерге жіберіп оқытады. Ал Ресейде бұл балаларды тәрбиелеу жөнінде арнайы жоспар дайындалыш жатыр.

Шәкәрімнің балалық шағына көз жүгіртсек, оның да осындай индиголардың бірі болғаны байқалады. Сонымен бірге, келешекте жақсы азамат болып, өз халқының мактандыши, адамзаттың ұлы адамдарының бірі болуына оның өмірінің үш бастауының жақсы үйлескені үлкен өсер етті деуге болады.

Бұған көзімізді жеткізу үшін ақынның өміrbаянына қысқаша шолу жасап, оның өмірінің осы үш бастауына жеке-жеке тоқтала кетейік. Шәкәрімнің өміrbаянын оның өз ұлы Ахат Шәкәрімұлы жазып, “Менің әкем, халық ұлы – Шәкәрім” /1/ атты естелігінде әкесі туралы өте құнды деректер қалдырған. Ұлы ойшылдың өсіп-жетілу ерекшеліктері осы шығармадан өте жақсы көрініп тұр. Ақын өмірін оның баласынан артық ешкім білмейді. Сондықтан, басқа деректер көзін іздемей-ақ, ақын өмірін саралауда баласының жазған осы еңбегін негіз етеміз.

Шәкәрім өмірінің үш бастауының бірі – оның ата-тегі.

1.1. Шәкәрімнің ата-тегі

Генетика ғылымы бойынша жақсы үрпакты тек қана жақсы тұқымнан ғана алуға болады. Қандай тұқым болса – сондай үрпак. Себебі қандай жан иесі болса да ол белгілі бір жетілу сатысында. Әркімнің өзіндік сана-сезімі, яғни қадір-қасиеті бар. Өмір шындығын халқымыз дәстүрге айналдырып, әркім өз деңгейіндегі адамдармен араласқан. Осылай қоғамдағы үйлесімділік бұзылмай, әркім өзіне тиесілі орын алған. Қоғамның бұл үйлесімділік заңдылығы баласына қалыңдық таңдағанда құдаласу тәртібін анықтаған. Құнанбай өзі, оның тұқымдары да бұл арнадан шықпай, балаларын

❖ Досым ОМАРОВ ❖

үйлендіргенде кездейсок адамдар емес, өздері тәрізді білікті, тексті адамдармен құдаласып отырған. Осылай олардың ата-тек маңызын жоғары бағалағанын көреміз.

Құнанбай тұқымынан шыққант Шәкәрім 1858 жылы Семей өнірі Шыңғыстау алабында тобықты руында дүниеге келді. Оның әкесі Құдайберді Абайдың туған ағасы еді. Соңдықтан Шәкәрім Құнанбайдың немересі, ал Абайға оның ағасынан туған іні болып келеді. Құнанбайдың әкесі – Өскенбай, атасы – Үрғызбай. Шәкәрімнің ата-тегі әке жағынан да, шеше жағынан да халық ішінде өте беделді, ел басқарған, халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін сактауда үлкен тірек болған адамдар екені белгілі. Кеңес дәуірінде бұлар туралы, әсіресе Құнанбай жөнінде теріс көзқарас тудырып, оны озбыр, ел қанаушы, қатал адам ретінде көрсетіп келді. Бірақ қазіргі заманда мұндай көзқарас жокқа шығарылып, Құнанбайғана емес, Шәкәрімнің бүкіл ата-бабасына деген пікір жаңаша қалыптасып отыр. Қысқасы, Шәкәрімнің әке жағынан асылдың бір сынығы екенінде дау жок. Бұл туралы Абай өмірін жазғанда да айтылды /7/. Ендеши бұл мәселеге көп тоқталмауға да болады. Тек ақынның әкесі туралы біраз айта кетелік. Құдайберді өте ақылды, мейірімді адам болған. Ол өкпе ауруына шалдырып 1866 жылы көкек айында, 37 жасқа шығарда қайтыс болып, Шәкәрім басқа бес балалармен бірге жеті жасында жетім қалады. Әкесі туралы Шәкәрім өзі былай деп естелік айтқан екен:

“Мен әкемді жасымнан жақсы білемін. Әсіресе, кейінгі жылдары, кундері көз алдында тұрады. Ақырғы жылда бұрынғыдай жсі аңға шықтай, үйде болатын уақыттары көп болды. Түрікше әңгіме кітаптарды оқуын қойған жок... Әкем ұзын бойлы, аксур, кара мұрт, қара сақал, өткір көзді, тік шықты, сырт пішіні сұлу, қимылы тез, сергек адам еді...”

“...Әкем қыста қысыр байлатып, қымыз ішетін, кейін қымызды да көп ішпейтін болды. Науқасы бурынғыдан ауырлап, қан күсканын маңайдағы ауылдар естіп, көңілін сұрағандар жсі келетін болды. Қысқы қатынасқаннан бұл жайды қалада жатқан Абай естіп-біліп, дәрілер алып, біздің ауылға келді. Әкем Абайдың сәлемін алып, олар күшактаса көрісті. Абай әкеме ақ үнтақ дәрі және тамызып ішетін қызылт дәрілерді ішкізді. Содан әкем сырқаты жок адамдай шүйркелесе

❖ Шәкәрім шыны ❖

әңгімелесіп кетті. Абай әкейге “қалаға апарып дәрігерге қаратсам” деген ойын айтты, әкем “оның жөн ғой, бірақ қазір қыс уақыты, жаз шыға апарарсың” — деді.

Шәкәрімнің осы естелігінен оның өзінің бет-пішіні, дене бітімі әкесіне ұқсас деп үйғаруға болады. Себебі ол да ұзын бойлы, сұлу кескінді адам болған. Және осы әңгімеден әкесінің ой-өрісі сергек, адамшылығы зор болғанын, басқа жұрттан сый-сипаты бөлек, оның Абаймен де үлкен құрмет-сыйластықта болғанын, мінез-құлқының сабырлы, салмақты болғанын көреміз.

Құнанбай тұқымы өздерінің балаларына әйелді кездейсок, карапайым адамдардан емес, арғы түбі текті, ерекше адамдардың қызын әперіп отырған. Мысалы, Шәкәрімнің әкесінің шешесі, Құнанбайдың үлкен бәйбішесі Күнке Найман Ағанас бидің қызы болған. Ел аузында Ағанас биді әділ, сезімді, ақылды, тіпті, өулие адам болған деген сөз қалған. Ал Шәкәрімнің шешесі Төлебике Қаракесек руының “Кедей” деген табынан шыққан Алдаберген деген адамның қызы болған. “Алдаберген бай емес, орта дәулетті, бірақ өте адал болған адам. Сол адалдығының арқасында ел қатты силап құрметтеген, абыройлы болған. Балаларын, қыздарын өте ерте оқытқан адам. Шәкәрімнің шешесі арабша, түрікше көп оқыған. Қол өнерге өте шебер, кесте тігетін, ою оятын, киім пішетін, пышак соғатын істі адам болған. Есті, сергек, ақылды, мейірімді, жомарт болған әжеміздің Құранын, “Фибадат исламиясын” “Мұқтасарын”, тағы да басқа кітаптарын мен көрдім. Шешелерімнің, үлкен әжелердің: “Дәметкен (Төлебикені солай атаған) оқымысты, ақ мартуы бар, есті, ақылды еді” — деп отырғандарын сан естігем.” — деп жазады Ахат өзінің естелігінде.

Шәкәрімнің шешесі Төлебике өлең де шығаратын болған, араб тілін жақсы білген. Ол шаруага да мықты, сондықтан әкесі Құдайберді барлық шаруаны шешесі Төлебикеге билетіп қойған. Төлебике өте мейірімді, нашарға жаңы ашып тұратын болған. Кедейлердің нашар, жетім-жесірлеріне қатты қарайласқан. “Қый оярда, соғым соярда олардың әйел еркектерін шакыртып альш, жұмыс беріп, қайтарында қап-қап ет, керек-жарақтарын арқалатып жібереді екен” — деп жазады Ахат өзінің әжесі туралы.

Ахаттың бұл сөздерінен Шәкәрімнің аталары балаларына келін таңдағанда олардың байлығына ғана қызықпағанын көреміз. Олардың түпкі мақсаты өздерінің үрім бұтағының іріп-шірімей, керісінше, нығайыш беки беруін көздеген. Осылай Абай, Шәкәрім, олардың алдыңғы қатарлы ұрпактары дүниеге келіп, үлгілі тәрбие алып, халық мақтанышы болып өсіп-жетілген.

1.2. Шәкәрім Абайдың шәкірті

Адамның өскен ортасын, одан алған тәрбиесін топырактың құнарлылығы мен өсімдіктің күтілу жағдайымен салыстыруға болады. Егер жер құнарлы болса және өсімдік кезінде жақсы күтілсе, одан алынатын өнімнің де көп болатыны белгілі. Сол сияқты егер адам баласы жақсы ортаға келіп, дұрыс тәрбие алатын болса, оның келешегі де дұрыс болмақ. Бұл тұрғыдан алғанда Шәкәрімнің бағы жангап деуге болады. Өйткені, ол өздері дұрыс тәрбие алған, сонымен бірге, өзгені де жақсы тәрбиелей алатын текті адамдардың аясында өсті. Ал оның дұрыс өсіп, жетілуіне қамқор жасаған негізгі бағбан Абай болды.

Атасы Құнанбай болса, ол қажылыққа барып келгеннен кейін бұл фәни өмірден шеттеп, құнделікті тіршіліктің күйбеніне былғанбас үшін басқа адамдардан шымылдық арқылы бөлектеніп, тасбих тартып, тақуалық жасап, қалған өмірін толық рухани жолға бағыттаған. Өз ұрпағына ол адам өмірінің мәнін, оның түпкі мақсатына қалай жету жолын осылай көрсетіп, үлгі шашып, тағлым берген. Шәкәрімнің ағасы Әмірдің жиын-сауыққа, ән салып, өлең айтуға, думанға құмар болып жүріп, біреуге айттырылып қойған қызға көніл аударғаны үшін Құнанбай өзінің бұл немересін қалай қатты жазалағаны туралы Мұхтар Әуезов “Абай жолы” романында /3/ келтіргені белгілі. Осылай Құнанбай қажы өзінің сөзі ғана емес, ісімен де басқаға үлгі болып, қоғам өмірінің үйлесімділігін сақтауда үлкен бедел болып отырған. Ал одан тәрбие көрген баласы Құдайбердінің адалдығы, адамға деген мейірімділігі туралы Ахаттың жазғанынан білеміз. Шәкәрім әкесі жағынан осындай өнегелі ортада болса, шешесі жағынан да жақсы тәрбие алған. Оның шешесі Төлебикенің қандай

❖ Шәкәрім шыны ❖

өнегелі және тәрбиелі адам болғаны туралы айтылды. Ол өзі білетін араб тілін баласы Шәкәрімге үйреткен екен, тіпті кездік соғуға да үйретіп, оны өзі білетін ұсталық іске де баули білген.

Қадырлы әкесі Құдайберді қайтыс болған сон Шәкәрімге жетімдік тауқыметін көрсетпей, оған дұрыс тәрбие беретін адам керек еді. Бұл міндетті халқымыздың рухани болмысының жұлдызы тәрізді болған Шәкәрімнің әкесінің інісі, ұлы Абай қолына алады. Абайдың көмегімен Шәкәрімнің ата-тегінен берілген текті қасиеттері, табиғатынан берілген жан талабы дұрыс жетіліп, жақсы күтім көрген жеміс ағашындай көктеп жетіліп, өзінің жұпар аңқыған тәтті жемісін берді. Соның арқасында бүгінгі күндері Шәкәрімнің жүргінен жарып шыққан от жалынды жырларын оқып, рухани нұрдың ләззатын алуға мүмкіндігіміз бар. Абай тәрбиесі арқасында Шәкәрімге тарих сахынасында өзіне берілген рөлді толық орындаудың мүмкіндік туды. Абай Шәкәрімді баулып өсіріп, кезінде дұрыс бағыт көрсетіп, керек жерлерінде сынға да алып, жас жеткіншектің рухани ұстазы болды. Абайдың өзіне деген ыстық ықыласын кезінде Шәкәрім былай деп мойындал жазады:

“Абай бізді жақсы көретін, келгенде қасына жатамыз деп таласатынбыз. Абай: “Бұл кіші ғой” – деп мені қойнына алып жататын, басқа балалар да Абайдың айналасына жайғасатын. Бізге әңгіме айттып беріп, оқыған оқуымды, жаттаған қиссаларымды айтқызатын еді”, – дейді Шәкәрім. Шәкәрімнің жас кезінен бастап оның тәрбиесіне Абай осылай үлкен көңіл бөлген. Оған өнер үйретуде, білім алу жолында жол көрсетіп, өзі басшы болып, үйымдастырып отырған.

Ол Шәкәрімнің жасынан домбыраға құмарлығын байқап, күздің басында, керей руынан шыққан атақты домбырашы – Біткенбай деген адамды шақыртып алып, Шәкәрімге күй үйретуді тапсырады. Осылай бір жылға тakaу, ел жайлауға шыққанша, Біткенбай Құдайбердінің ауылында болып, Шәкәрімге көптеген қазақ қүйлерін үйретеді. *“Менің домбыра ұстазым – Біткенбай, оны тауып алдырып беруші – Абай”, – дейді екен Шәкәрімнің өзі.*

Тіпті аң аулауға құмарлығын арттырып, құсбегі болып, оған мерген болуға да Абайдың себебі болған екен. Шәкәрім

“жақсы мерген болуыма Абай себепші болды” деп, ол жайында былай деп сыр тартыпты. Бір күні Абай ауылына мерген орыс адамы келіпті. Абай бірден Шәкәрімді шакыртып алып, осыдан мерген болуды үйренесің деп оған қосып жібереді. Екеуі көлге барып, неше күндей жатып, құс атып, орыс Шәкәрімді мергендікке үйретеді. Шәкәрім екі жағынан бірдей атуды, тұнде және ұшып бара жатқан, не су толқынында жүзіп бара жатқан құсты, желді күні оны қалай көздең, қай жерінен сығалап атуды үйренеді.

Абай Шәкәрімге орысша оқы деп ақыл айтады. Шәкәрім орысша білетін Нұрпейіс деген адамды қолына ұстап, орысша үйреніп, сөздік алып, орыс тілін жақсы үйреніп алады. Бұл, әрине, оған кейіннен Л.Н. Толстоймен хат жазысып, А.С. Пушкин шығармаларын аударуға мүкіндік бергені мәлім. Сонымен бірге, басқа шәкірттерімен қоса Абай Шәкәрімге түрлі тапсырмалар беріп, әр жанрдан шығарма жазуды тапсырып, өзі оны қадағалап, қатесі болса кезінде түзетіп отырған. Шәкәрім көрілікті мінеп жазғанда, оның бұл қылышын ұнатпай Абай былай деп сын өлең жазған екен.

*Сөз айттым “Әзірет Әлі”, “айдаһарсыз”,
 Мұнда жоқ “алтын иек, сары-ала қыз”.
 Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,
 Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.
 Әсіре қызыл емес деп жириенбеніз,
 Тубі терен сөз артық, бір байқарсыз.*

(“Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін”, 1888 ж.)

Абай сынағанда ең әуелі өзінің қасында жүрген жақын адамдарын сынайды екен. Бұл, әрине, ұстаздың шәкірттеріне деген қамқорлығы мен мейірімділігі, ең әуелі солардың қамы үшін жасалған әрекет екені белгілі. Эйтпесе Абай тәрізді салихалы адамдар біреуге жамандық ниетпен, немесе оларды мұқату үшін сөз айтпайтыны белгілі. Абай жас талапкерлерге ақын және ақындық өнердің міндеті туралы ой сала келіп оларды үлкен мақсатқа бағыттап, жол көрсетеді. Абай осы өлеңінде “Әзірет Әлі айдаһармен алысыпты” деп өлең жазған Көкбайды, “Зияда” деген дастанында қызды мактап: көзі гәуһар, иегі алтын деп орынсыз теңеулер айтқан жас ақын

❀ Шәкәрім шыңы ❀

Әріпті және кәрілікті жамандаған Шәкәрім, үшеуін де сынға алып отыр. Олардың көңіліне келмейтіндей етіп, сыпайы тілмен жеткізген ақынның бұл ескертуі кезінде жастарға үлкен әсер еткен. Сондықтан Шәкәрім Абай ұстазының өзіне деген жасаған қамқорлық, шын пейілін жоғары бағалайды. Ол әсіреле Абайдың білім алуға итермелегенін, жаңа рухани белестерге шығуға мүмкіндік жасағанын жақсы түсініп, оны жоғары бағалаған. Бұл туралы Ахат былай деп жазады:

“Мен, – дейді Шәкәрім, – жайлауда Абай ауылына барым. Үйде Абай құрбылас аксақалдар толып отыр екен. Мен сәлем беріп кіргенде Абай: “Кімді айтса, сол келеді дегендей, Шәкәрім, келгенің жақсы болды. Мен мына аксақалдарға айтып отыр едім. Мен етек басты болып білімді күа алмай қалдым. Сол көксеген арманымды Шәкәрім арқылы орындаимын деп, саған білім қуғызатын болдым! Адам қырық жасына дейін білім жинап, қырық жасында кәміл толады, ақыл-ойы, жігер-қайраты жетіледі. Енді уш жылда сен қырыққа толасың. Шығыс тіліне жетік болдың. Енді уш жылға дейін орыс тілін үйрене бер. Бар қаражатың менің мойнымда, сен осыған дайындал. Кәне, осыған келісесің бе?” – деді. Мен: “Барлық қаражат сізден болса, білім алуға неге бармайын. Бірак, қай жерге барамын?” – дедім. Абай: “Афин-Грек білімі Стамболға жиналған, содан табылады. Араб білімі: Меккеде, бірак, менше, Меккеден гөрі Мединадан көбірек табылуы керек. Және Мысырдағы Александр атындағы кітапханаға барасың. Осы төрт жерге барып, тарихи орындарды аралап, керек кітаптарды алып, біліміңді толтырып қайтасың. Сатып алатын кітаптарыңа, жол қаражатына жетерлік пұлды өзім беремін. Осыған келіссен қолыңды экел, – деп қолын ұсынды. Мен: “Қаражат сізден екен, мен білім алады екем, барам”, – деп қолымды бердім. Абай кіслерге қарап, “Көрдіңдер ғой, Шәкәрім уағдасын берді!” – деді. Отырған аксақалдар: “Көрдік” – десті.

Осыдан соң, мен орыс тілін жете білуге бар ынтамды салып, еңбек етуге айналдым. Басқа жылдарымнан гөрі, осы жылдарым пайдалы жылдарым болды. Өзім білетін шығыс тілдерін де тереңдей зерттеп, кемшилігін толықтырудым...

...Сүйтін, 1905 жылдан 1906 жылға қарсы күзде жүріп кеттім. Абайдың ақырғы кеңесі – осы сапарым менің көзім ашылып, адам қатарына қосылуыма үлкен себебін тигізді. Сол сапарда, неше ұлттың ғалымдарымен сөйлесіп, пікір алысып, керек кітаптарды алдым. Ол кітаптарды посылка етіп, Семейдегі Аниярдың атына жіберіп отырдым. Стамболда тарих қорларын сактайтын орындарда болып, ары бара жатқанда 13 күн тарих актардым. Ертедегі Шығыс ақын-жазушысы, ойшылдарының шығармаларын түгел алдым. Гомерден бастап Грек халқының ойышыл-философтарының шығармаларын, Батыс философтарының шығармаларын, ертедегі Түрік ғалымдарының жазған шығармаларын, әр елдің лұғаттарын, Америка жазушыларының шығармаларын алдым. Демек, менің бұл сапарым, көкірек көзімді ашып, аңсаған арманыма қолым жеткен сапарым болды! Бұда Абайдың маған ақыл кеңесінің жемісі. Стамболдан Меккеге бардым, оның тарихи орындарында болып, көп қажеттерімді таптым. Мединаға бардым. Одан Араб халқының ескі замандағы Мұхаммед пайғамбардан 200 жылдай бұрын болған Абу Суфиян сияқты ғалымдардың шығармаларымен танысып, кітаптарды алдым. Бірақ Мысырдағы (Египеттегі) Александр атындағы кітапханаға бара алмадым. Меккеде сол кітапханада көп жыл істеген ғалымға кездесіп, менде жоқ ғалымдардың шығармаларын жазып алдым... Үнді, Парсы ғалымдарымен пікір алыстым. Ең аяғы Турік музыкантынан нота жазуды үйрендім. Парсы тілін жеткік білетінімнің арқасында Парсы, Үнді доктырларымен сөйлесіп, емдеу тәсілдерінің көбін үйрендім” – дейтін.

Шәкәрімнің осы сөздеріне біздің толығырақ тоқталып отырғанымыздың себебі, бұл сөздерден ойшыл ақынға, оның келешек өміріне бұл сапардың қандай өсері болғанын көрсету. Бұл сапар бұрын қазақ ауылынан ұзап шықпаған Шәкәрімді сана-сезімнің жаңа деңгейіне көтеріп, оның ой-өрісін шарықтатып, өмір құпиясын көретін тылсым дүниенің есігін айқара ашуына мүмкіндік берді. Ахаттың жазуына қарағанда, оның кітапханасы өте үлкен және рухани құндылығы жағынан да өте бай болған. Ол кездегі қазақ даласында кездесе бермейтін кейбір ғалым ойшылдардың кітабы Шәкәрім қолына осылай түскен. Осыдан оның білім деңгейі мен ой ойлау көкжиегінің

❖ Шәкәрім шыңы ❖

қандай шалқар, кең болғаны байқалады. Шәкәрімнің бұл сөздері оның негізгі философиялық ойларының исламның ұлы ойшылы Жәлел ад-Дин Руми мен сопы ақыны Жұніс Әміренің толғамдарымен үндес болу сырын ашады. ХІУ ғасырда ислам орталығы Түркияға ауысып, халифат осы елге көшіп, бұкіл мұсылман жұртының басшылығы енді араб елдерінде емес түрік халқының құзырына тиген еді. Дәл сол кезде сопы ілімінің соңғы ірі өкілдері деп есептелетін Руми мен Жұніс Әміре осы елде өмір сүрген болатын. Сондықтан “Ертедегі Түрік ғалымдарының шығармаларын..., алдым” деуіне қарағанда Шәкәрім осы сапарында солардың шығармаларын алып, танысқан болса керек. Бұл ой Шәкәрім мен ислам ілімінің өте ірі өкілі Румидің философиялық үндестігі қайдан шыққан деген сұраққа жауап береді. Мысалы, Шәкәрімнің “Атаның шаһуатының көп қой мәні”, “Жан беріп жарық, жылы нұрдан”, “Келді, кетті”, “Қасына қылыш қайратқан” тәрізді өлеңдері Румидің тән уақытша, ал жан мәңгілікті, өзінің өткен өмірінің нәтижесі бойынша жан өзіне тиесілі тән алып, үнемі бір тәннен екінші тәнге ауысып отырады деген қағидасымен тольқ үндеседі. Осылай Шәкәрім Шығыс ақын-жазушыларының шығармаларына ынталып, оларды жетік білген. Шәкәрім әсіресе “Ниссан-илғайып”, яғни “оның тілі ғайыптан келген” деп атанған Хафизды жақсы біліп, оны қазақшаға аударып, ғайыптың терең сырын қазақ халқына жеткізуге ұмтылған. Кезінде Мұхтар Әуезов “Сол кезде Шығыс әдебиеттеріне Шәкәрімдегі жүйрік адамды көргем жоқ. Шығыс әдебиетіне берілуіме себеп болған ұстазым Шәкәрім!” – деп ақынға жоғары баға берген екен.

Шәкәрім Абайға берген өзінің уәдесін осылай орындалған; Меккеге, Стамбулға сапар шеккен екен. Бұл сапардың ақын үшін сәтті болғаны сонша, ол сапардан кейін 1907 жылы рухани дүниенің шыңынан алынған өте құнды “Ләйлі-Мәжнүн” дастанын жазады. Содан бес жыл өткен соң, 1912 жылы “Кең қоныс” деген жайлауынан қора салдырып, фәни өмірден бөлектеніп, қалған өмірін елден жеке жерде өткізуге бел байлайды. Бұл ұлы ақынның осыған дейінгі өмірінің нәтижесі еді. Осылай Шәкәрім Абай салған сара жолмен рухани жолға бет бұрып, мәңгілікке ұмтылған.

❖ Досым ОМАРОВ ❖

Абайдан алған өнегелі тәрбиесін Шәкәрім өзінің балаларына, басқа жастарға да беруге үмтүлыш отырған. Бұл туралы Ахат былай деп жазады:

“Әкей Абай өзін қалай тәрбиелесе, бізді де солай тәрбиеледі. Соның негізгілері: Адам елге, не біреуге пайдасын тигізуі керек. Пайдасын тигізе алмаса, залалы тимесін. Онан соң, қатты тапсыратын нәрсесі – адалдық! Адал болындар, адалдың арқаны ұзын. Біреуді өткелге салып өтуден сак болындар. Егер бұның істемесендер – ырза емеспін, – дейтін. Адам баласын үлтқа, руға бөлуден сактан, ала көрмендер”. Міне жастарды жақсы көріп, оларға осындай өнегелі тәрбие бере отырып, Шәкәрім сонымен бірге өмірдің мәні туралы түрлі сұрақтар қойып, соған жауап жаздырып, ақыл-кенесін беріп отырады екен. Әрі қарай Ахат сөзін былай деп жалғастырады:

“Біз әкейдің тәрбиесінің арқасында боктық, арамдық дегенді білмедік. Kici түгілі айуанды да боктап көрген емеспіз. Малшыларды, не оның балаларын бөтен санағамыз жоқ. Олармен бірге жатып, бірге ойнадық. Олардың үлкендерінің аттарын атамайтынбыз. Ата, апа – дейтінбіз. Олар бізді жанындај жақсы көретін.” Міне осы сөздерден жақсы тәрбиенің нәтижесі, оның адам баласына деген шипасы сезілсе керекті. Бұл қай заманға болса да өте құнды өнеге. Бұлай тәрбиеленген қоғамның келешегі де бұлныңғырыз, анық болмақ қой. Осылай қоғам үшін Шәкәрім өмірінің үлкен ғибраты барын көреміз.

1.3. Жан дүниесінің ерекшеліктері

Шәкәрімнің данышпандық, даралық құпиясын түсіну үшін әуелі адамның жан дүниесінің не екенін біліп алымыз керек. Адам өміріне әсер ететін оның ата-тегі, өскен ортасы және жан дүниесінің ерекшеліктері дедік. Әуел баста нәрестенің пайда болар шағында бұлар бір-біріне тәуелсіз бастаулар болса да, сонымен бірге, ана құрсағынан бастап келешек баланың қандай адам болып дүниеге келуі олардың үйлесімділігіне байланысты болады. Сондықтан өмірде жақсыдан жаман туып, ал жаманнан жақсы туатын жағдайлар жиі кездеседі. Мысалы, егер аның екі қабат кезінде өзін дұрыс күтінбей, өмірін үйлесімді жасамай, табиғи занғылыштарды

❖ Шәкәрім шыны ❖

бұзатын болса, онда әке қандай асыл тектен шығып, оның қасиеттері қандай жоғары болса да, келешек баланың дұрыс болмай, оның психикасы мен дене бітімі әлсіз, аурушаң болуы өбден мүмкін. Кәдуілгі өмірде кейбір жағдайларда іштегі нәрестенің өсуі ананың мінез-құлқына қатты әсер етіп, ол ана түрлі қайғы-қасіретке ұрынады. Не болмаса, дұрыс тамақтанбай, азы, қышқыл нәр татып, тіпті, арақ ішіп, темекі тартатын аналар да болады. Осылай жатырдағы нәрестенің өсу ортасы бұзылып, оның басқа екі бастауды жақсы болса да, олар дұрыс нәтиже бере алмай, баланың көптеген кемшілікпен дүниеге келуі өмірде жиі кездеседі. Не болмаса, керінше, ана қасиеттері жақсы болғанымен, әке қасиеттері оған сәйкес келмеуі мүмкін. Екі жағдайда да келешек нәрестенің кемшіліксіз болып дүниеге келуі екі талай. Осылай қарапайым өмірде адам баласының келешегін анықтайтын жаңағы үш бастау үнемі бір-бірімен қайшылықта болып, таласып отырады. Бала өсе келе де оның жан дүниесі рухани жаққа сүйресе, ал ата-тегі, не болмаса қоршаған ортасы оны кейін қарай, мұлде басқа жаққа сүйреуі мүмкін. Себебі жан құмары таза рухани болса, ал қалған екеуі – ата-тек пен қоршаған орта – материалдық әлемге жатады.

Адамзаттан төмен басқа жан иелерін – жануарлар мен өсімдіктерді – селекция арқылы сұрыптаپ, асылдандырып алуға болатыны белігі. Ал адамзат тұқымын осылай қолдан жақсартуға бола ма? Бұл сұракқа тұра жауап беру өте қын. Себебі, адам баласының одан төменгі жан иелерінен екі айырмашылығы бар. Адам баласына ерік және оны өз мақсатында дұрыс пайдалана білу үшін ақыл беріледі. Ал адам баласынан басқа жан иелерінде ондай ақыл мен ерік жок. Олар инстинктпен өмір сүреді. Сондықтан хайуанаттар ешуақытта табигат занылдықтарын бұзбайды. Хайуанаттар мен өсімдік әлеміндегілер табигат занылдығы аясынан шықпайтын болғандықтан олардың жақсы тұқымынан дұрыс бағып, күту арқылы жақсы өнім алуға өбден болады.

Адам баласының табигаты басқа. Ол өзіне берілген аздаған ерікті дұрыс пайдалана алмай, сезімдеріне беріліп, табигат занылдығы аясынан жиі шығып, оған қарсы әрекет етеді. Сөйтіп, кейде болмыс үйлесімділігінен де шығып кетеді.

Болмыс үйлесімділігінен шығып, табиғат занұлдылығына қарсы әрекет жасағаннан кейін ол, әрине, дұрыс жетіле алмайды. Осылай, ол табиғаттың әділет занұлдылығы бойынша жетілу емес, құлдырау жолына түсуі де мүмкін. Сонымен, қарапайым өмірде адам баласына ерік беріліп, бірақ олар оны дұрыс пайдалана алмай, табиғат занұлдылығын жиі бұзатын болғандықтан, оларды селекциялау қынның қыны деуге болады. Адам баласын хайуанаттарды жақсартқандай жақсарту үшін, оларды да хайуанаттар тәрізді табиғат занұлдылығын бұзбайтын қатаң тәртіпке алып, ерекше тәрбиелегендеге ғана мүмкін болатын шығар. Бірақ, ондай жағдайда адамның еркін алатын тоталитарлық тәртіп керек. Ал бұл Алла тағаланың адамға берген еркіне шек қою деген сөз. Алла тағаланың берген еркін алып, болмыс занұлдылығына қарсы, адамға зорлық көрсеткен үшін, тоталитарлық тәртіп көп өмір сүре алмай, күйреуге ұшырайды. Сондықтан ол дұрыс жеміс бере алмайды. Бұған өткен коммунистік қоғам мен Чили президенті Пиночет сияқтылардың орнатқан тәртіптері көрнекті мысал. Соңғылар туған халқына көптеген зорлық-зомбылық, қайғықасірет әкелді. Ал жақсылығы шамалы болды. Дегенмен де, қоғамның белгілі бір даму дәрежесінде арнайы болмаса да, табиғи селекция көріністерін байқауға болады. Алдыңғы қатарлы дамыған елдердің тарихынан қоғамның өзі адамдарды селекциялад, олардың табиғатын жақсартып, өркениеттік қасиеттерін дамытты. Мысалы бұған Жапон, Герман елдерін жатқызуға болады.

Жапонияда бұдан 50-60 жыл бұрын халық ұсакталып бара жатқан соң үкіметтің арнайы құпия қаулысымен шеттен келген мықты математиктардың, биологтардың, инженерлердің, ғалымдардың, сазгерлердің т.б. дені сау азаматтардың шаңуатын (спермасын) сатып алып отырған. Осы ұрықты Жапон қыздарының жатырына салып дені сау, сымбатты үрпақтарды дүниеге әкелген. Сондай-ақ осы елде мынадай тағы заң бар. Екі жас үйленем деп арыз бергеннен кейін екі жақтылы генетикалық тексеруден өткізіледі. Ол елдің тағы бір ерекшелігі, әрбір адамның өткен оныншы атасына шейін гендердің сараптамасы бар, сол бойынша үйленгелі тұрған екі жастың аталарын оныншы аталарына дейін мұқият тексереді. Сол кезде екеуінің гендерін салыстырып келер үрпақ қандай

❖ Шәкәрім шыны ❖

қабілетпен, неге бейім болатынын да болжап бере алады. Одан болашақ ғалым, инженер, жұмысшы, мұғалім т.б. Ата аналары да балаларын осы бағытта оқытады. Мемлекеттік оқу бағдарламасы да осы бағытпен балаларды оқытады. Баланың қабілетіне қарай, нашар оқитын балалар бастауыш білім алғаннан кейін-ақ өзінің қабілеті жететін мамандыққа оқытылып, орта мектепті бітіргендеге белгілі қоғамға пайдалы мамандық иесі болып бірден енбекке араласып кетеді. Ал талантты, қабілетті балаларды да бейімділігіне қарай бөліп-бөліп оқытып оқуларына бар жағдайларын жасайды. Егер екеуінің гендерінде тұқым қуалайтын ауру бар болса үйленулеріне рұхсат етілмейді, себебі ауру ұрпақтың оларға қажеті жоқ. Ал тұқымында созылмалы, атадан балаға берілетін ауруы бар адамның өмірге ұрпақ әкелуге құқы жоқ деп, оның үйленуіне қатаң тыым салынған. Осындай ұлттық сауықтыру бағдарламасының нәтижесінде қазіргі Жапондар сұнғақ бойлы дені сау ұлтқа айналып кетті. Қазір ресми деректерге сүйенсек соңғы 50 жылда бойларын 8-10 см ұзартып, ойын да, бойын да, денсаулықтарын да қалыпқа келтіріп алған ұлт. Қазір Жапон әйелдерінің орта жасы 89-90 жас./9. 210-б./

Бірақ, селекция арқылы адамның рухани емес, тек қана дүниелік қасиеттерін, яғни, оның ақыл-есін, дene ерекшеліктерін, психо-энергетикалық жүйелерін ғана жетілдіруге болады. Ал адамды өзге жан иелерінен бөлетін, тек қана адамға тән рухани, даналық қасиеттерді бұл өдіспен жетілдіру мүмкін емес. Даналық және өулиелік дene қасиеттерінен басқа, өзгеше қасиеттерді керек етеді. Әулиелік қасиет – тән қасиеті емес, жан қасиеті. Ал жан қасиеттері тек қана жаннан шығады. Бұл арада селекция заңдылығы дәрменсіз. Селекция заңдылығы тек қана материалдық әлемді басқара алады. Әулие адамды тәрбиелеу үшін оның жаңының ерекше қасиеттері болуы керек. Баланың жоғары рухани жанды болуы ата-анасының қасиеттері ғана емес, олардың келешек ұрпақ негізін салу кезіндегі ниеттерінің тазалығы, жоғары мақсаттары, ой дұрыстығына байланысты. Егер олардың сезімдері таза болып, ой-өрістері жоғары болса, онда келешек нәрестенің жаны да жоғары әлемдерден келіп, рухы таза болады. Осылай жоғары рухтың отбасына келуі әке-шешенің генасына және өскен ортаға ғана байланысты емес екенін

көреміз. Егер де ананың жүкті болуы ата-ананың ой-өрісі дұрыс болмай, нәпсіңмарлық сезімі билеген сәтіне, не болмаса, арақ-шарап ішіп алған сәтіне сәйкес келсе, онда келешек баланың жаны әлсіз болады. Баланың жан дүниесі әлсіз болса, оның ата-тегі қандай жақсы болып, қандай жақсы тәрбие алса да, ондай нәрестеден асыл адам шықпайды. Керінше, ананың жүкті болу сәтінде қарапайым адамдар Алла тағалаға толық беріліп, жоғары құштерден жәрдем сұрап, келешек нәрестенің жақсы болуын тілесе, ондай жағдайда оларға тағдыр елден ерекше жетілген нәресте беруі мүмкін. Қарапайым адамдардан ұлы үрпак туған жағдай тарихта жиі кездеседі. Мысал ретінде қарапайым шаруа отбасында өмірге келіп, кезінде Ресей мәдениетін жоғары деңгейге көтеруге үлкен ықпал еткен орыс ғалымы М.Ломоносов тағдырын алуға болады. “Жақсыдан жаман туса – жыннан, жаманнан жақсы туса – нұрдан” деп қазақтың даналы сөзі бұған өз тұжырымын береді.

Жан құмары мен тән құмары екеуі екі түрлі мақсат тудырады. Бұл мақсаттар туралы Шәкәрім қажының өзі былай деп жазады:

“Адамда екі түрлі мақсұт бар, оның бірін тән мақсұты, бірін жан мақсұты дейміз. Қара басының қамын ойлан, өзімшілдік, мақтан көксейтін – тән мақсұты. Адамшылық ар мен адал еңбек іздейтін – жан мақсұты. Бастапқыны көксеген адам, зұлымдық қиянатпен болса да, мал, мансап, мақтан табуға құмар болады. Соңғыны көксеген адамның адал еңбек, ақниеттен басқа іздейтіні жок, ол адам баласын ала көруді, қиянат қылуды тіпті ұнатпайды.”/2, 489-бет./ Шәкәрім өрі қарай осы екі мақсұттың тән мақсұты жеңіп кетуінің себебі – балаға берілген тәрбиенің жеткіліксіздігінен екенін көрсетеді. Егер дұрыс тәрбие арқылы жан құмарын қолдап отырса, ол тән құмарына оңай беріле қоймас еді. Бірақ өмірде дұрыс тәрбиенің болмағанынан көбіне тән құмары жеңіп отырады. Тән құмары жеңгенде адамды нәпсісі билеп, ол жүгендіз, ешуақытта тоймайтын сезімдерінің құлына айналып, адамдықты бұзатын істерге барады. Бұл – бүкіл адамзат өміріндегі барлық келеңсіздіктердің тұп себебі болып табылады.

❖ Шәкәрім шыңы ❖

Жан құмары жаннан, ал тән құмары тәннен шығып, екеуінің мақсаттары екі түрлі болады. Жан құмарының қуаты жанның тазалығына байланысты. Жан неғұрлым таза болса, оның құмары да солғұрлым жоғары болып, ол тән құмарын толық жеңе алады. Мұндай адам фәни әлемнің ықпалынан шығып, өулие деңгейіне дейін көтеріле алады. Бірақ жан қасиеттері ондай жоғары жетілген адамдар бұл өмірде сирек кездеседі. Сондықтан фәни әлемде көшілік жүргіт тән құмарының ықпалынан шыға алмайды.

Жан мәңгілікті, ләззатты және білімге толы болғандықтан, ол осы қасиеттерін өзі сезінуге құмар болады. Бірақ ол тәнге байланып, қапталып тұр. Материалдық тәннің қасиеттері жан қасиеттерінен мұлде бөлек, тіпті, оған қарама-қайшы, олар – уақытша, ауру-қасіретке толы және надан болғандықтан, тән жанға өзінің рухани қасиеттерін сезінуге бөгет болып, өзін түмшалап жауып, тіпті, үйіқтатып тастайды. Сондықтан адам бақытты болуы үшін ең өуелі рухани надандықтан арылышп, жан үйқысынан оянуы керек. Осыны жақсы түсініп, жаны ашыған халықтың зиялы азаматтары “Наданның көзін қойып, көңілін ашпак” болыш, “Оян, қазак!” деп ұран тастаған. Надандық пердесін серпіп тастап, келешектің шапағат нұрына бөлендіру үшін олар ең алдымен халыққа рухани білім беруді ойлады. Рухани білім беру арқылы жан қасиеттерін аршып ашып, адамды бақыт сезіміне бөлеуге ұмтылды.

Өмірде жан өзінің осы ұлы қасиеттерін сезінуге ұмтылғандықтан қарапайым пендे инстинкті түрде өлімнен қорқады, өмірден ләззат ізден бақытты болғысы келеді және білімге құмар болады. Сөйтіп, кімнің болса да, оның жанының мәңгілікті болуынан – ұзак өмір сүргісі келетіні, ләззатты болғандықтан – жақсы өмір сүргісі келетіні және білімге толы болғандықтан – өзін білгіш-ақылды санайтыны осы жан қасиеттерінен шығады екен. Жан құмарының бір белгісі – білімге ұмтылу екенін Абай да атап көрсеткен. Жан неғұрлым таза болса, оның білімге ұмтылуы да солғұрлым жоғары. Бұл арадағы “білім” деген түсінік тек қана оның ақпараттық мағынасын ғана емес, сонымен бірге, өнер, ол білімді сезініп, бойға сіңіріп, адамның қасиетіне, мінез-құлқына айналдыруды және іске асыруды түгел қамтиды. Яғни, оқу пайдалы және нәтижелі болу керек. Өнерге бейімділік, зейін-талап-

тылық, адамға табиғатынан берілген талант және жоғары мақсатқа ұмтылушилық жан қасиеттерінен шығады.

Жан құмары мен тән құмары екеуінен екі түрлі қасиет шығады. Тән құмарынан надандық, өркөкіректік, мансапқорлық, ашу-ыза, дөрекілік, өсек, өтірік, мактаншактық, еріншектік, бекер мал шашпақ (өз тапқанын дұрыс пайдалана білмеу) тәрізді адамдың тіршілік тұңғызына батырып, өмірін қорлықпен өткізуге мәжбүр ететін қасиеттер шығады. Ал жан құмарынан адалдық; әділдік, рухани білімге құштарлық, талаптылық, өжеттік, қайраттылық, мейірімділік, сабырлылық, жомарттық, биік мақсатқа ұмтылушилық, тақуалық, басқаларды жақсы көрушілік, кешірімділік, тазалық, қанағат, алға ұмтылушилық, көрегендік тәрізді жылма-жыл адамды алға сүйреп, көкіргін ашуға мүмкіндік беретін қасиеттер туады. Бұлар жоғары жетілген, жүргегі таза адамдардың қасиеті болып табылады. Сондықтан олар Шәкәрім сөзімен айтқанда ондай қасиетті адамдар – адал еңбек, ақ ниеттен басқа іздейтіні жок, олар адам баласын ала көруді, қиянат қылуды тіпті ұнатпайды. Шәкәрім, міне, адамның осы қасиеттеріне үлкен көніл бөліп, оларды өз бойына сініруге ұмтылып отырған.

Шәкәрімнің өзін жас кезінен жан құмары билеген. Бұл оның өзі туралы жазған сөздері мен шығармаларынан жақсы сезіліп тұрады /2/. Ол жастайынан өнерге құштар болып, не көрсе соны білуге тырысып, өзі қолымен ұстап көріп-білуге ұмтылатын, жаңы тыныш таптайтын бала болған. Ер жеткен соң фәни өмірдің мән-жәйін тез үфіп, одан бойын аулак салуға ұмтылып, бұрынғы жасаған қылыштары мен іс-әрекетінен де бас тартып жапан даланы кезіп, тауды паналып кетеді. Осының барлығы қарапайым адамдардың түсінігінен, түрмис салтынан бөлек Шәкәрімнің жан дүниесінің ерекшелігін көрсетеді. Оның осы ерекшеліктері Шәкәрімнің келешекте адамзаттың ұлы адамдарының арасынан орын алуына мүмкіндік берді дей аламыз. Өзін қоршаған көптеген тұған-туысқан, бала-шаға, дос-жаранның арасында жалғыз сезініп, елден ерекше жағдайға түскенін және оның себебін жақсы түсінген ақын өз халын суреттейді. Көптің арасында жалғыздық көру Шәкәрім ғана емес, Абай, Ахмет Яссави, Л.Н.Толстой тәрізді адамзаттың алдыңғы қатарлы тұлғаларының көшшілігінің үлесі болғаны белгілі.

❖ Шәкәрім шыңы ❖

Енди Шәкәрімнің осы жолға қалай келгенін түсіну үшін оның ерекше қасиеттеріне, олардың өмірдегі көріністеріне қысқаша токталып өтелік.

Ахат әкесі Шәкәрім туралы: “*Құдайбердінің балаларының ішінде жастайынан басқа балаларынан гөрі қылышы өзгеше, зейінді, сезімді, сергек, зерегі Шәкәрім болды... Шәкәрім оқуға өте зерек болып, хатты тез танып шығады. Осы қабілетін байқаған әке-шешесі Шәкәрімге баса көніл бөліп, әсіресе, шешесі араб, түрік тілдерін қосымша үйретіп отыратын болған... Экей бес тілді жетік білген адам. Ол араб, парсы, шағатай, түрік, орыс тілдері еді. Сол тілдерді жақсы білу арқасында, жер көлеміндегі елдердің тілдерінде жазылған шығармалармен оңай танысқан... Шәкәрім жалғыз ойнағанда әкесінің қағаздан киып жасаған неше түрлі суреттері – арқар, қасқыр, тулкі, құс, құсбеті, қаз, үйрек, қаршиға бейнелерін ермек қылыш отыратын. Шешесінің қасында ойған оюына, тіккен кестесіне қарап отырып өзі де ою ойып, сурет салатын болған. Онымен қабат пышак соғуға, қарала жүргізуғе талаптанады. Демек өзі айтқандай: “Бала кезімде қолым тыныш отырмайтын, не темірді егеп, не ою ойып, не ағаш жонып, бірдеме жасап отыратынмын”, – дегеніндей, қол өнерге бейімделе бастайды. Сөйтіп жүріп, қол өнерге де шебер болып шығады.” – деп жазады.*

Бес жасынан оқуға барып, осылай өзінің зеректігімен, өнерге құмарлылығымен Шәкәрім өзінің ерекшеліктерін көрсете бастайды. Ол Шығыстың және қазақ халқының рухани байлығына жан дүниесімен беріліп, қабылдайды. Жас кезінен бастап мұсылман халқының “Мың бір тұн” әңгімелерін оқып, оны ертек қылыш айтып, парсы, араб ақындарының бәйіттерін жатқа біліп, төгілдіріп айта білген. Қазақтың “Ер Тарғын”, “Алпамыс”, “Кобыланды”, “Қыз Жібек” тәрізді қиссаларын жатқа білген. Ескі жырауларды, бұрынғы билердің мақал-мәтелдерін, нақыл сөздерін оқып, бертінге дейін жатқа айтқанын сан естігем,” – деп жазады Ахат.

Шәкәрімнің жүргегі жас кезінен өте сергек, әрі жұмсақ, мейрімді болған. Ол қатыгез, арамдықты жаны сүймейтін. Оның өзі: “*Бала кезімде “Қыз Жібек” қиссасындағы Төлегеннің алты қазға айтқан зарын оқығанда, “Алпамыс” қиссасындағы Жәдігердің зарлап айтқан өтініш-мұнын оқығанда, жыламай*